**“ZIYATKER TURAN”**
**жауапкершілігі шектеулі**
**серіктестігі**
160000, Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы, ауд. Қаратау,
Тассай т.а., 301/3 ғим.
БИН 220440036057
ziyatkerm@gmail.com
info@ztbil.kz

ZIYATKER
МЕКТЕБІ

**Товарищество с ограниченной**
**ответственностью**
**“ZIYATKER TURAN”**
160000, Республика Казахстан,
город Шымкент, Каратауский
р-н, ж.м. Тассай, зд. 301/3
БИН 220440036057,
ziyatkerm@gmail.com
info@ztbil.kz

**БҰЙРЫҚ**
25.08.2026
**№ 187 ж/қ**
**Шымкент қаласы**

**ПРИКАЗ**
25.08.2026
**№ 187 л/с**
**город Шымкент**

## 2026-2027 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай ақ, білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдері туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 5-бабының 18) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 29 шілдедегі «Орта білім беру ұйымдарында 2026-2027 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» №213-Н/Қ бұйрығына, Шымкент қаласының білім басқармасы басшысы К. Г. Искаковтың 2026 жылғы 17 тамыздағы №6/9 хатына сәйкес, 2026-2027 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау және аяқтау, оқу процесін белгіленген мерзімдерге сәйкес ұйымдастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «ZIYATKER TURAN» ЖШС мектебінде 2026-2027 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдері 2026 жылғы 1 қыркүйектен 2027 жылғы 25 мамырды қоса алғандағы кезең болып белгіленсін.
2. 2026-2027 оқу жылында қазақ және орыс тілдерінде оқытылатын 1-11 сыныптар үшін оқу тоқсандары мен каникулдардың төмендегі мерзімдері басшылыққа алынсын:
   - I тоқсан – 8 оқу аптасы;
   күзгі каникул – 2026 жылғы 26 қазаннан 1 қарашаны қоса алғанда, күнтізбелік 7 күн;
   - II тоқсан – 8 оқу аптасы;
   қысқы каникул – 2026 жылғы 28 желтоқсаннан 2027 жылғы 10 қаңтарды қоса алғанда, күнтізбелік 14 күн;
   - III тоқсан – 10 оқу аптасы;
   көктемгі каникул – 2027 жылғы 22 наурыздан 28 наурызды қоса алғанда, күнтізбелік 7 күн;
   - 1-сынып білім алушылары үшін қосымша каникул – 2027 жылғы 8 ақпаннан 14 ақпанды қоса алғанда, күнтізбелік 7 күн;
   - IV тоқсан – 8 оқу аптасы.
3. Мектептің оқу процесін ұйымдастыру кезінде 2026-2027 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдері қатаң сақталсын.
4. 9 (10)-сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары 2027 жылғы 31 мамырдан 11 маусымға дейін өткізілсін.
5. 11 (12)-сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары 2027 жылғы 1 маусымнан 17 маусымға дейін өткізілсін.

6. 9 (10)-сынып білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау мынадай мерзімдерде ұйымдастырылсын:

1. математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2027 жылғы 31 мамыр;
2. таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан – 2027 жылғы 3 маусым;
3. қазақ тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі бойынша, орыс тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі бойынша эссе нысанындағы жазбаша емтихан – 2027 жылғы 7 маусым;
4. орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша, қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2027 жылғы 11 маусым.

7. 11 (12)-сынып білім алушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары мынадай мерзімдерде өткізілсін:

1. Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2027 жылғы маусым айында, министрліктің қосымша белгіленген нақты мерзіміне сәйкес;
2. алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2027 жылғы 4 маусым;
3. қазақ тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі бойынша, орыс тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі бойынша жазбаша емтихан – 2027 жылғы 9 маусым;
4. таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан – 2027 жылғы 14 маусым;
5. орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша, қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2027 жылғы 17 маусым.

8. Оқу-ісі жөніндегі директордың орынбасары Л. С. Исабаева:

1. оқу жылының тоқсандары мен каникул мерзімдерінің сақталуын қамтамасыз етсін;
2. оқу процесін ұйымдастыру барысында осы бұйрық талаптарының орындалуын бақылауға алсын;
3. қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстарын белгіленген мерзімдерге сәйкес ұйымдастырсын;
4. педагогтер мен білім алушыларды қорытынды аттестаттаудың мерзімдері мен тәртібі туралы уақытылы хабардар етсін.

9. Сынып жетекшілері білім алушылар мен олардың ата-аналарын (заңды өкілдерін) 2026-2027 оқу жылындағы оқу тоқсандары мен каникул мерзімдері туралы таныстырсын.

10. Пән мұғалімдері оқу бағдарламаларының толық және сапалы орындалуын, оқу процесінің белгіленген мерзімдерге сәйкес жүргізілуін қамтамасыз етсін.

11. Осы бұйрықтың орындалуына жауапкершілік оқу-ісі жөніндегі жөніндегі директордың орынбасары Л. С. Исабаеваға жүктелсін.

12. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Мектеп директоры** **Ы. А. Жаутиков**

Бұйрықпен таныстым: «25» 08. 2026 Л. С. Исабаева

(күні, айы) (қолы) (аты-жөні)